

ДӘЙКЕСӨЗ

Сауат МЫҢБАЕВ,
«ҚТЖ» ҰК» АҚ БАСҚАРМА
ТӨРАҒАСЫ:

**ЖОЛАУШЫЛАР
ТАСЫМАЛЫНЫҢ
ТИІМДІЛІГІН
АРТТЫРУ
БАҒЫТЫНДА
НАҚТЫ ШАРАЛАР
ҚАБЫЛДАНДЫ.
2020-2029 ЖЫЛДАР
АРАЛЫҒЫНДА ЖЫЛ-
ЖЫМАЛЫ ҚҰРАМ
ПАРКІН ЖАҒАРТУ
ЖӘНЕ ЖАҒЫРТУ
БОЙЫНША ТҮТАС
ШАРАЛАР КЕ-
ШЕНІ ЖҮРГІЗІЛЕДІ
ЖӘНЕ ОСЫ ЖЫЛ-
ДАР АРАЛЫҒЫНДА
БАРЛЫҒЫ 500 ВА-
ГОН САТЫП АЛУ
КӨЗДЕЛУДЕ**

АҚПАРАТ

ТАБИҒИ ГАЗДЫ ПАЙДАЛАНУ
ҰСЫНЫЛМАҚ

«ҚТЖ» ҰК» АҚ ISO 50001:2011 халықаралық стандартының талаптарын орындау негізінде энергетикалық тиімділікті үздіксіз жақсартуда. Осы ретте, энергетика саясатының басым бағыттары мен міндеттері пойыздар тартымына кететін энергияресурстарды пайдалану мөлшерін азайтуға негізделген.

Компания мамандары, соңғы төрт жылда отын-энергетикалық ресурстардың нақты уәнемі 1,1 млн тонна шартты отын санын немесе 137,8 млрд теңгені құрағанын мәлімдеп отыр. Электрэнергиясымен байланысты жұмыс көлемі 2,4% ұлғайғанды, электрэнергиясының абсолюттік шығыны барлығы 0,03%-ке өскен.

«Өткен жылдың желтоқсанында компанияның энергоаудиті аяқталды. Оның барысында желілік деңгейдегі 192 бөлімше қамтылып, 663,1 млн теңгені немесе жылдық ОЭР тұтынуға 4,6% энергияны жинақтау әлеуеті анықталды. 2020-2025 жылдар кезеңіне арналған энергияжұмсау шараларының кешенді жоспары биылғы жылдың сәуір айына дейін бекітілі тиіс», – деген мәліметпен бөліскен болатын компанияның бас инженері-басқарушы директоры Бағдат Котырев бұл мәселеге қатысты.

Десе де, пойыздар тартымына кететін дизельдік отынның үлестік шығынының төмендегеніне қарамастан, соңғы бес жылда бұл отын түрін сатып алуға кеткен шығын артқан. Оның себебін мамандар отын бағасының 70%-ке дейін өскенімен түсіндіріп отыр. Осы ретте, энергия тұтынуы әртараптануы бойынша неғұрлым дұрыс шешім болып сұйытылған табиғи газға көшу табылуда. Осыған орай, ел Үкіметінің тапсырмасы аясында Wabtec және «ҚазТрансГаз Өнімдері» ЖШС өкілдерінің қатысуымен сұйытылған табиғи газды мотор отыны ретінде пайдалану мәселесі бойынша жұмыс тобы құрылып отыр. Бұл жұмыс тобы қазақстандық және ресейлік ғылыми және жобалық ұйымдарды тарта отырып, жобаны жүзеге асыру үшін жобалық негіздеме жүргізетін болады. Ал жобаны бағалау Солтүстік Америка мен Ресей теміржолдары жобаларын жүзеге асыру тәжірибесіне сүйеніп отырып, жүргізілмек. Жүргізілген жұмыс қорытындылары биылғы жылдың екінші тоқсанында Компанияның ғылыми-техникалық кеңесінің отырысында ұсынылады деп күтілуде.

Ислам ТАЛҒАТ

БҮГІНГІ САН

ӨТКЕН ЖЫЛЫ КЕШЕНДІ
ЖОЛ МАШИНАЛАРЫМЕН

9000 км

ЖОЛДЫ САУЫҚТЫРУ
ЖҮМЫСТАРЫ ЖҮРГІЗІЛГЕН

ТАСҚЫНҒА ТОСҚЫН



ҚАМДАНҒАН ҚАПЫ ҚАЛМАЙДЫ

Көктемнің келуімен жер мұз құрсауынан босанып, жіпсі бастаған шақта басты қауіп – қыс бойы жауған қалың қардың еріп, су тасқынына ұласуы болмақ. Сондықтан, теміржолшылардың бұл науқанға тас-түйін дайындық жасауы дәстүрге айналған үрдіс.



«ҚТЖ–Магистральдық желі дирекциясы» филиалы тасқын су қауіпіне тынғылықты дайындықтарын паш етті. Өткен жылдар тәжірибесін талдай келе филиал басшылығы барлық өңірлер бойынша тасқын су шаю қауіпі бар 673 жердің ішінен де нақты қай жер айрықша қауіпті екенін анықтапты. Көпірлер мен құбырлар және құрағатқыш құдықтардың саңылауларын қардан тазарту жұмыстары аяқталып, беткейлік, су бұрғыш жыралар мен науалар және арықтар қардан аршылған. Қарғын су жүретін кезде жауапты тұлғалардың қатысуымен тәуліктік кезекшілік ұйымдастыру кестесі жасалып, белгіленген қауіпті жерлер басты назарға алынған.

Дирекцияның баспасөз хатшысы Талғат Исеновтің айтуынша, бүгінгі таңда шойтасы,

рельс пакеттері және кондицияға сәйкес емес темірбетон шпалдары бар 42 су шайып кетуге қарсы пойыздар жасақталған. Пойыз 312 вагоннан тұрады.

– Қар көшкінін түсіру, мұзды ұсақтау бойынша бұрғылап-жару жұмыстарын жүргізуге келісімдер жасалды. Бүгінгі таңда еліміздегі барлық жол дистанциялары тарапынан өз күштерімен 2 425 м3 шойтас, 6 400 дана кондицияға сәйкес емес темір-бетон шпалдар тасқын суға қарсы материалдар ретінде дайындалды, – дейді Т. Исенов.

Сонымен қатар төтенше жағдайлар жөніндегі басқармалардың аумақтық органдарымен бірлесу су қоймаларының, ауылшаруашылық бөгеттерінің жағдайын комиссиялық тексеру бойынша жұмыстар жүргізілген. Барлық өңірлер бойынша темір жол төсемінен жоғары жатқан 83 бөгеттер мен су қоймалары анықталған. Теміржолшылар мемлекеттік автокөлік кәсіпорындары қызметкерлерімен бірге автомобиль жолдарына қатысты жасанды құрылыстардың да су өткізгіштік қабілеті жағдайын тексеруде. Бұл жасанды құрылыстар темір жолға, әсіресе, қайтадан салынған және қайта құрудан өткен автожолдарға жақын орналасқан.

Басқа аймақтарға қарағанда су тасқыны қауіпі басым өңірлердегі ахуалға шолу жасап көрейік. Ақмола өңірінің теміржолшылары жылдағыдай әдеттерінен бес қаруын сайлап отыр. «Бүгінде Ақмола жүк тасымалы бөлімшесі бойынша тасқынға қарсы 27 вагоннан тұратын 4 пойыз жасақталған. Оның 4 жабық вагоны құрал-саймандар, цемент, инвентарьмен жабдықталса, қалған 23 вагонына рельстік пакеттер, қойтастар, кондициялық емес темірбетон шпалдар тиелген. Бұл төрт пойыз төрт станцияда, атап айтқанда,

Жаңаөсіл, Көкшетау, Нұр-Сұлтан және Атбасарда тұр. Жол дистанцияларында вагондарды материалдармен толықтыру жұмыстары әлі де жүргізілуде. Сонымен қатар тасқын суға қарсы пойыздарды толық жасақтау үшін Қарағанды бөлімшесінен тағы да 5 платформаны дайындап отырмыз», – деп шұғыл ақпарат бөлісті Ақмола ЖТ бөлімшесінің оперативті-тарату бөлімінің бастығы Рәсул Бұратаев.

Ол сондай-ақ, Атбасар – Адыр аралығындағы 580 километрдегі Жабай өзеніндегі мұзды ойға қатысты жару жұмыстарын жүргізуге БВР Техносервис ЖШС-мен келісімшарт жасалғаны жеткізді. Атап өтерлігі, бүгінде өзендегі мұз қалыңдығы 50 см құрап және ол өткен жылмен салыстырғанда 30% аз болып отыр. «Аталған теміржол көпіріне тәулік бойы қызметкерлердің кезекшілігін қамтамасыз ете отырып, онлайн-режимінде ақпарат беріп отыратын 2 бейнекамера орнатуды жоспарлап отырмыз», – дейді Р.Бұратаев.

Бөлімше бойынша су басу қауіпі бар қауіпті жерлер анықталып, аса қауіпті деп танылып отырған 6 тәлімдегі ағын су арнасы тәулік сайын өлшеп, тексеріледі екен. Олар Төзіл, Колутон, Жабай, Чаглинка, Бурлук өзендері арқылы өтетін теміржол көпірлері мен Петропавловск – Көкшетау тәліміндегі Смирново – Жаңақол аралығындағы 56-шы шақырым екен. Бұдан бөлек, теміржол төсеміне жақын жерде судың жиналуын болдырмау үшін жасанды құрылыстардың нысандарын қардан, қоқиастан тазарту бойынша жоспарлы жұмыстар жүргізіліпті.

Сұлғұл БАКЕСОВА
Райхан РАХМЕТОВА
Жалғасы 2-бетте

Суретті түсірген Нұрбек БЕКЕН

ГОД ВОЛОНТЕРА

ДОБРОМУ ДЕЛУ ВИРУС НЕ ПОМЕХА

Несмотря на непростую ситуацию в связи с коронавирусом, только в марте в рамках инициативы «2020 БЛАГОродных дел» неравнодушные работники АО «НК «ҚТЖ» совершили более 170 акций добра.

Асель ШАЙХЫНОВА

По всей стране сотрудники центрального аппарата, филиалов и дочерних организаций АО «НК «ҚТЖ» оказывают помощь тем, кто в ней действительно нуждается. К примеру, работники Технического центра АО «НК «ҚТЖ» приняли участие в благотворительной акции, организованной сообществом «Спарта Астана» и оказали материальную помощь восьмилетнему Мадияру Маратову (диагноз ДЦП, гиперкинетическая форма тяжелой степени) из города Усть-Каменогорск на реабилитацию в Челябинске (РФ). А работники департамента бизнес-архитектуры АО «НК «ҚТЖ», оказали помощь 30 столичным семьям, лишившимся имущества в результате пожара по адресу Коктал-2, ул. Ультау, 61. Были собраны не только продукты, но и предметы

первой необходимости, постельное белье, одежда.

Железнодорожники помогают и медицинским работникам. Филиал АО «ВЖД» в г. Караганда предоставил машины и людей для освобождения больничных боксов, чтобы в них разместить стационары для граждан, зараженных коронавирусом. Работники стальной магистрали помогли перевезти медикаменты, аппаратуру и мебель из многопрофильной больницы им. Х.Ж.Макажановой в диагностический центр Карагандинской области.

Не остались в стороне и коллеги из Германии, работающие в АО «Пассажирские перевозки» – Нильс Штегеманн, Алтынбек Ақылбеков и Аида Нургазы привезли продукты и сладости в КТУ «Центр социального обслуживания «Нурлы жүрек» акимата г. Нур-Сұлтан, где проживают дети-сироты.



Работники столичного вокзального комплекса «Нурлы жол» приняли участие в медиа-волонтерстве, добровольно транслируя на LED-экране центрального зала информацию о коронавирусе. В то же время веселую праздничную программу «А ну-ка, бабушки» в КТУ «Медико-социальное учреждение для престарелых и инвалидов» организовали работники филиала АО «НК «ҚТЖ» – «Центр трансформации и бизнеса». Ни одна из бабушек не осталась без хорошего настроения и памятного подарка.

В свою очередь, работники департамента пути и сооружений филиала АО «НК «ҚТЖ» – «Дирекция магистральной сети» сдали кровь в Центр крови г. Нур-Сұлтан.

Особенно активна в рамках инициативы «2020 БЛАГОродных дел ҚТЖ» молодежь. К примеру, столичные молодые сотрудники компании приняли участие в благотворительной ярмарке «Фургончик добра» в помощь приютам, спасающим бездомных животных. Ребята приобрили корм для собак и кошек.

Фото автора

НОВОСТИ

ВСЕ ПОД КОНТРОЛЕМ

Ситуация, связанная с возвратом средств пассажирам за неиспользованные билеты на пассажирские поезда стабилизировалась. С 12 по 25 марта текущего года более 520 тысяч проездных документов на сумму более 3 миллиардов тенге возвращены в билетные кассы АО «Пассажирские перевозки».

На вокзалах транслируется объявление о возврате неиспользованных билетов. Также сотрудники железной дороги проводят беседы с пассажирами около билетных касс о необходимости соблюдения дистанции, стоять на расстоянии не менее двух метров друг от друга. Кроме того, в пассажирских поездах проводники проводят обязательное анкетирование для обеспечения контроля за распространением возможной инфекции. В анкетах пассажиров просят указать ФИО, контактные данные, адрес проживания в регионе прибытия и ИИН.

По словам сотрудников АО «Пассажирские перевозки», они уточняют состояние здоровья пассажиров, строго по графику проводят тщательную уборку в вагонах и соблюдают правила дезинфекции.

Также специалисты отмечают, что с учетом объявленного с 19 марта 2020 года карантина в Нур-Султане и Алматы, с 22 марта текущего года остановлено движение пассажирских поездов из этих городов по всем направлениям. Принимая во внимание, что до настоящего времени казахстанцы возвращают билеты, доступ на вокзалы двух мегаполисов будет осуществляться в одни входные группы. При этом важным условием является то, чтобы пассажиры были в медицинских масках. Позже выходы на перроны полностью закроют.

Помимо того, на вокзалах городов Нур-Султан и Алматы закрыты все торговые объекты, включая пункты общественного питания. Договора с арендаторами приостановлены на период карантина.

Алуа ТЛЕУБАЕВА

СТАБИЛЬНО
И БЕСПЕРЕБОЙНО

С начала 2020 года в направлении Китай – Европа – Китай через сервисы совместного предприятия АО «НК «ҚТЖ», ОАО «РЖД» и ГО «Белорусские железные дороги» – АО «ОТЛК ЕРА» – проследовало свыше 550 контейнерных поездов.

Несмотря на сложившуюся в мире ситуацию в связи с распространением коронавирусной инфекции, контейнерные поезда ОТЛК ЕРА передвигаются стабильно и бесперебойно. Работа по осуществлению грузовых операций и формированию поездов на приграничных пунктах пропуска ведется в штатном режиме. Скорость перевозок остается на уровне 1100 километров в сутки, поезда преодолевают расстояние от границы с Китаем до границы с Европой менее чем за 5 суток.

С апреля 2020 года ОТЛК ЕРА приступает к реализации проекта по перевозкам транзитных санкционных грузов на своих базовых маршрутах.

Данная новая услуга будет востребована клиентами ОТЛК ЕРА, которые получают новые точки роста и новые товаропотоки, отмечают в пресс-службе компании. Базируясь на своих основных принципах партнерства, ОТЛК ЕРА продолжает работу по совершенствованию европейских транзитных перевозок в целях обеспечения надежной и своевременной доставки грузов, а также недопущения разрыва логистических цепочек.

ОТЛК ЕРА уверенно сохраняет лидерские позиции на рынке европейских железнодорожных транзитных перевозок и продолжает устанавливать новые рекорды как по объемам, так и по качественным показателям. Так, в 2019 году через сервисы компании по маршруту Китай – Европа – Китай перевезено более 333 тысяч ДФЭ.

В марте вклад ОТЛК ЕРА в развитие экономической интеграции стран – участниц СНГ отмечено почетным знаком «Лидер бизнеса СНГ» во время международного экономического форума «СНГ + Мир».

Роман ЛЮБИМОВ

ЖАҢАЛЫҚТАР

ҚАМДАҢҒАН ҚАПЫ ҚАЛМАЙДЫ

(Соңы. Басы 1 бетте)
Ақтөбе өңірінде биыл қыс қатты болмағанымен Хромтау және Бершүгір секілді таулы аймақтардағы қалың қар әлі толық ери қойған жоқ. Сондықтан су тасқынының алдын алу шаралары қарқынды жүріп жатыр. Қазіргі уақытта су қоймаларының бойында орналасқан 16 бөгетке су жету қашықтығы есептеліп, судың көтерілу мүмкіндіктері болжанды. Іс-шаралар жоспарына сәйкес тасқын судың өтуі үшін теміржол көпірлеріндегі су өткізгіштерді тазарту жұмыстары ұйымдастырылған. Қауіпті жерлерде телефон байланысы, жарықтандыру және тәулік бойы кезекшілік орнатылған.



Тасқын су жүрген кезде тиісті тосқауыл болатын материалдар тиелген 37 вагон дайын тұр. Судан қорғану бөгеттерін жасауға пайдаланылатын темірбетон және ағаш шпалдар, цементтер мен құрылыс материалдары қалдықтары толтырылған қапшықтар Орал, Илецк, Никельтау, Ақтөбе, Шұбарқұдық, Қандыағаш, Шалқар, Бершүгір станцияларына жеткізілуі тиіс.

Қазіргі күні төтенше жағдай қызметімен өңірдегі өзендер деңгейі толық бақылауда. Мәселен, Елек өзені арқылы өтетін көпір 1744 км, Кенжалы өзенінің өтетін көпір 115 км, Жем өзенінен көпір 1977 км, Орск өзені тұсындағы көпір 1104 км болады. Сонымен қатар, жоспарға сәйкес, 563 көпір, 833 құбырлар тазартылып, арнайы техника көмегімен арықтар ішіндегі қалдықтар шығарылған.

Және де бөлімше шекарасында орналасқан барлық кәсіпорындар мен аудандардағы қауіпті орындардың тізімі қайта қаралып, зерттеу жұмыстары тұрақты жүргізіліп отыр. Су тасқыны кезінде жасалатын қауіптің алдын алуға бағытталған техникалық нұсқаулық ауа райының өзгеруіне байланысты қайта қаралуы мүмкін.

Көлік құралдарының жұмыс жасауы да тексерілді. МРТ, АГД, АС, ДГКУ техникаларымыз дайын. Бүгінде жанар-жағармайдың жедел резерві құрылды. Қазіргі уақытта жол дистанциясы жұмысшыларының көмегімен станциялар аумағындағы тұрғын үй және өндірістік ғимараттар, станция бекеттері, қосалқы станциялар қардан тазартылып, еріген суды шығару жұмыстары ұйымдастырылуда. Қажет болса, ғимараттардың айналдасына жерасты бөгеттер мен су қоршауларын тұрғызу ұйымдастырылады, – деп мәлімет берді Ақтөбе магистральдық желі бөлімшесі жол бөлімінің бастығы Бауыржан Хамзин.

Ардақ ЕРҮБАЕВА
Суретті түсірген Нұрбек БЕКЕН

ЖОСПАРҒА САЙ

Оңтүстікте күн жылынып, қозғалыс қарқын ала бастады. Шымкент жүк тасымалды бөлімшесінің техникалық бөлімінің басшысы Ильяс Нұржанов өндірістік көрсеткіштер жоспарға сай орындалып жатқанын жеткізді.

«Пойыздар қозғалысының варианттық кестеге сай жүруі жоспар бойынша 49 231 пойыз болса, нақтысы 34 191 пойызды құрады. Оның ішінде 24 564 пойыз кестеге сай жүріп, жұмыс нәтижесін 72 пайызға жетіп, меже толығымен орындалды. Дизельдік отын үлесінің шығыны 27,45 кг/өлшем бірлікті құрап, берілген жоспардан 170 тоннаға артық шығын орын алды. Сондықтан дизельдік отын шығынын болдырмау мақсатында шаралар қолға алынды. Нәтижесінде өткен жылы шығын көлемі 440 тоннаға дейін азайды», – деді техникалық бөлімнің бастығы Ильяс Нұржанов.

Шымкент жүк тасымалы бөлімшесінің қозғалыс қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау жағдайына келсек, өткен жылы 18 қауіпсіздікті бұзушылық жағдайы орын алған. Екі оқиға, 16 инцидент жағдайы. Ал өндірістік жазатайым оқиғаларға жұмыс барысында жол берілмеген.

Жансая СЫДЫҚБАЙ, Шымкент

АҚҚЫСТАУЛЫҚТАР ДА ШЕТ ҚАЛМАДЫ



Елдегі төтенше жағдайға байланысты сақтық шаралары алынып, мерекелік көпшілік мәдени шараларды өткізу де тоқтатылды. Оның орнына табыссыз қалғандарға көмек көрсету – Еріктілер жылындағы ең өзекті мәселеге айналды.

Халық қалыптасып отырған жағдайға түсіністікпен қарап, әркім қолынан келгенше бір-біріне көмектесіп, қиындықты бірге есеруге атсалысуда. Сақтық шараларына сай наурыз мерекесі өткізілмесе де, Атырау жүк тасымалы бөлімшесіне қарасты Аққыстау станциясының қызметкерлері ортадан қаражат жинап, ауылдағы әлеуметтік жағынан аз қамтылған және көп балалы бірнеше отбасына барып, бірінші кезекте қажетті азық-түлік түрлерін табыс етті. «ҚТЖ көлемінде жүріп жатқан 2020 қайырымды игі іс» бастамасына өз үлесімді қосып, сын сағатта шет қалмай, қолдан келгенше ауылдастарға көмек қолын созуға келістік. Бастамаға барлық станциялықтар, ұжым түгел қолдау білдірді. Мұндай игі істерді әрі қарай да жалғастыратын боламыз» дейді станцияның қозғалыс ревизоры Ерлан Тарихов.

Еділ ЕРМЕК, Атырау
Суретті түсірген автор

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ

САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ КҮШЕЙТІЛУДЕ

«ҚР төтенше жағдай енгізу туралы» ҚР Президентінің 2020 жылғы 15 наурыздағы №285 Жарлығына сәйкес, «ҚТЖ»ҰК» АҚ қызметкерлері арасында COVID-19 коронавирустық инфекцияның таралуының алдын алу мақсатында «ҚТЖ»ҰК» АҚ Басқарма төрағасы С.Мыңбаевтың 16 наурыздағы №30-Ц бұйрығына орай бүкіл теміржол бойында сақтық шаралары күшейтіліп, індеттің таралуының алдын алу шаралары жүргізілуде.



ҚЫЗЫЛОРДА

Аймақ бойынша барлық теміржол нысандарын залалсыздандыру жұмыстары жүргізіліп, теміржолшыларды қорғану құралдарымен қамтамасыз ету қолға алынған. Төтенше жағдай жарияланғалы бері бөлімше бойынша рейдтер мен тексерулер үздіксіз жүргізілуде. Әсіресе, халық жиі келетін

вокзалдағы жағдай қатаң бақыланып темірдей тәртіп енгізілген. Перронға шығатын қақпалар тарс жабылып күзет қойылып, жолаушыларды тек вокзал ғимараты арқылы өткізу жолға қойылған. Билет кассаларының алдында кезек құткен жолаушылардың арасында арақашықтықты сақтау, адамдар арасындағы арақашықтықтың

кемі екі метрден жақын болмауы вокзал қызметкерлері тарапынан қатаң реттелуде.

Бөлімше бойынша аймақтағы 8 вокзалдағы қызметкерлер құрамы толығымен қорғаныс құралдарымен қамтылған. Жалпы вокзал шаруашылығы үшін 53,8 кг хлор, 2149 дана дәретхана және шаруашылық сабыны сатып алынып, кіреберістерге 18 антисептик қойылған.

– Қазіргі таңда вокзал шаруашылығы қызметкерлері толығымен қорғаныс құралдарымен қамтылған. Олармен ауысым алдында арнайы пысықтау инструкторы өткізіледі. Вокзал ғимараты (құту залы, анықтама бөлімі, билет кассасы залы) мен жолаушылар көп жиналатын орындар тәулігіне кемінде 4 мезгіл, қажет жағдайда одан да көп мәрте дезинфекциялық сұйықтықпен тазалануда, – деді вокзал шаруашылығы бөлімінің инженері Бейбіт Ділдабаев. Індеттің таралуының алдын алу

шараларына орай жақын күндерде қосымша қорғаныс заттарының келуі күтілуде екен. Мәселен қосымша 147 дана антисептик, 11 дана ұстын, 280 жұп қолғап, 8305 дана бетперде, 6975 дана иіс сабын, 2920 дана шаруашылық сабыны мен 1110 дана белзана ерітіндісі әкелінді екен.

Сонымен қатар вокзалдар мен перрондарда кәсібін дөңгелетіп отырған кәсіп иелерімен де жұмыс жасалып, олардың үнемі қорғаныш маскасын киюі, қолдарын жиі сабынмен жуып тазартып тұруы, антисептикті қолдануы талап етілуде. Оларды СЭС мекемесінің санитарлық-бақылау тобы құрамы тексеруде. Және вокзалдарда Жолаушы тасымалы басшылығының анықтамасына сәйкес қолданылмаған жол жүру билеттерінің қайтарылу тәртібі хабарланып, тиісті жұмыстар жүргізілуде.

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Суретті түсірген автор



ШЫМКЕНТ

Өткен тәуліктерде өкінішке қарай, Шымкент қаласында коронавирус індетін жұқтырған 2 азамат тіркелді. Қазіргі таңда індеттің одан әрі таралмауы мақсатында жұмыстар күшейтілген. Соның ішінде теміржол саласындағы іс-шаралар айтарлықтай ауқымды.

Біріншіден, теміржол вокзалы мен әуежай да санитарлық бақылауға алынып, қалаға кіретін

азаматтардың денсаулығын тексеруден өткізіп, қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында кіреберіс жол қақпаларға 12 санитарлық бекеттер қойылды. Екіншіден, вокзалдармен қаладағы базарларда, сауда орталықтарында, автобустарда, қоғамдық орындарда және басқа да адамдар көп шоғырланатын жерлерде дезинфекциялық жұмыстар күніне ең кемі екі реттен жүргізілуде. Үшіншіден, барлық қоғамдық орындарға бетпердемен кіру міндеттелді. Бетпердемен қамтамасыз ету үшін жергілікті кәсіпкерлермен бірге күніне 100 мыңнан астам медициналық бетперделер тігіліп, қала аумағындағы дәріханалар мен базарларға жеткізілуде. Сонымен қатар, антисептик өнімдерін шығаратын "Ордабасы" индустриалды аймағындағы кәсіпорын күніне 4 тонна залалсыздандыру өнімдерін шығаруда. Теміржолшылармен қатар барлық қала жұртын антисептик құралдарымен қамтамасыз етуге қауқары жетіп отыр.

15 наурыздан бастап Шымкент вокзалынан және автобекетінен жүретін халықаралық пойыздар мен автобустар, ал 22 наурыздан Нұр-Сұлтан мен Алматы бағыттарына да шектелді.

Жан ПЕРДЕБЕК
Суретті түсірген автор



ЖАМБЫЛ

«ҚТЖ» Жүк тасымалы АҚ филиалы – Жамбыл бөлімшесінің бастауыш кәсіподақ ұйымы ел бауына күн туған, әлем елдерін жайлаған пандемия кезінде теміржолшыларға барынша қолдау көрсетуде.

Өйткені, бүгінгідей қиын-қыстау кезеңде ел экономикасының құретамыры теміржол тасымалын қамтамасыз ететін теміржолшылардың денсаулығы мен қауіпсіздігі басты назарда болуы тиіс.

Кәсіподақ ұйымы төрағасының орынбасары Серік Наурызбаевтың айтуынша, осы уақытқа дейін аймақтағы теміржол қызметкерлеріне 500 қорғаныш маскасы тегін таратылған.

– Бүгінде тағы 1000 көпреттік бетпердеге тапсырыс беріп қойдық. Жақын арада жеткізіледі, оларды да теміржолшыларға тегін таратып беретін боламыз. Сонымен қатар, 100 литр антибактериялық сұйық сабындар, антисептикер алдырдық. Бұл тазалық бұйымдар бөлімшеге қарасты мекемелердің тиісті орындарына қойып жатырмыз, – деді Серік Кенжебайұлы.

Коронавирус індетіне байланысты елімізге енгізілген төтенше жағдай режимінде қарияларға да қолдау шаралары қажет. Бастауыш кәсіподақ ұйымы Ұлы Отан соғысының ардагері, Жамбыл жүк тасымалы бөлімшесінен зейнет демалысына шыққан ардагерлер отбасына азық-түлік себеттерін тапсырған. «Осындай ахуалда күнделікті тұрмыстық қажеттіліктердің де бағасы өсіп жатқаны жасырын емес. Қарияларымызға көмек болсын деген ниетпен бес ардагеріміздің отбасына азық-түлік пакеттерін тарту еттік», – деді кәсіподақ ұйымы төрағасының орынбасары.

Серік Наурызбаев, сонымен бірге жұқпалы инфекциялық дертке байланысты кәсіподақ ұйымының көпшілік, қоғамдық іс-шараларының барлығы кейінге қалдырылғанын жеткізді. «Мұндай жағдайда көпшіліктің басын қосатын жиындардан гөрі, нақты қолдау-көмек шараларын жүзеге асырғанды жөн көрдік», – деді Серік Кенжебайұлы.

Асхат РАЙҚҰЛ
Суретті түсірген автор

СЕМЕЙ

Елімізде орын алған төтенше жағдайға байланысты Семей ЖТ бөлімшесі бойынша да сақтық шаралары қолға алынды. Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық бақылау қызметінің назарында бірінші кезекте теміржол вокзалдары тұр.

Төтенше жағдай жарияланғаннан бері жолаушылар пойыздары тексеріліп, соның ішінде Нұр-Сұлтаннан келген 3942 жолаушы мен Алматыдан келген 5117 жолаушы қатаң бақылауға алыныпты. Солардың ішінде коронавируска



шалдыққан науқастармен байланыста болған семейлік 4 адам анықталып, арнайы карантинге жатқызылып, оқшауланған.

Сонымен қатар Ресей Федерациясымен арадағы мемлекеттік шекарадағы Ауыл станциясында санитарлық-карантиндік бақылау да күшейтілген.

АТЫРАУ

Атырау жүк тасымалы бөлімшесінде коронавирус инфекциясына қатысты қауіпсіздік шаралары жасалып жатыр. Кеңседе жұмыс істейтін кадрлардың 35 проценті «дистанциялық режимде» жұмыс жасауға көшірілген. Олар негізінен инженерлер, техникалық құрам, есеп-қисап бөлімдері, т.б.

Бірақ өндіріс тоқтамайды, барлық станциялар қалыпты режимде жұмыс жасайды. Ондағы ауысымдық негізде жұмыс жасайтын мамандар барлық қауіпсіздік шараларымен қамтылған. Жұмысқа келген сәтінде барлығы да медициналық тексеруден өтеді, қызуы өлшенеді. Ауырып тұрғандары болса, жұмысқа жіберілмейді. Ауысым соңында, яғни жұмыс аяқталған соң, тағы да тексеруден өткізіледі. Барлық мамандар медициналық маскалармен қамтамасыз етілген.

– Бастапқыда кәсіподақтың қаражатына маскалар алып, түгел үлестірдік. Енді арнайы тендер өткізіп, бүгін-ертең маскалар мен респираторлар келеді деп отырмыз. Келген бойда барлық станцияларға жеткізіледі. Жұмысшылар екі сағат сайын қолдарын жуып, маскаларын ауыстырып отырады. Коронавирустан сақтану жөніндегі брошюралар таратылып, бейнероликтер көрсетіліп жатыр. Станцияларға келіп-кететін жүктерді жөнелту, қабылдау жұмыстары бұрынғыдай атқарылууда. Рас, жолаушылар пойызында кідірістер бар. Астрахань-Атырау пойызы тоқтатылды. Ресеймен шектесетін Ақсарай станциясында бөлімшеінің 30 шақты қызметкері ауысыммен жұмыс істейді. Оларды тасымалдайтын



жұмысшы пойызы тоқтаған жоқ. Ол жерде СЭС қызметкерлері жұмыс істеуде. Бөлімше бойынша адамдардың көп жиналмауын қамтамасыз етудің бір парасы ретінде кейбір қызметкерлер 14 күннен еңбек демалысына жіберіліп жатыр. Ал, жалпы темір жолда уақытша жұмыстан босату немесе ақысыз күн беру деген жоқ. Бәрі де толықтай жұмыстарында. Сондай-ақ, селекторлық жұмыстар, жиналыстар әркімнің өз жұмыс орындарында онлайн түрінде өтіп жатыр, – деп мәлімет берді кадр қызметінің менеджері Е.Бержанов.

Ал, жалпы облыстағы ахуалға келсек, 25 наурыздан бастап халық көп жүретін маңызды орындар дезинфекциялануда. Қорғаныс министрлігінің әскери қызметшілерінен жасақталған топтың көмегімен өңірдегі маңызды нысандарды дезин-

фекциялауды бастап, іс-шараны арнайы даярлықтан өткен Қарулы күштердің биологиялық қорғау бөлімшелері жүргізуде. Олар жұмысқа АРС-14 автомобиль құю станцияларын пайдалануда. Жеке қорғаныс киімдерін киген әскери қызметшілер арнайы жуу құралдары мен «Рубеж» дезинфекциялық ертіндісі бар жеке газсыздандыру жинақтарын пайдалануда. Ерітінділер адамдар мен жануарлар үшін қауіпсіз.

Қосұйым МҰҚАШЕВ
Суретті түсірген автор



ОБУЧЕНИЕ

ЭФФЕКТИВНЫЕ HR

Около 120 железнодорожников из разных регионов страны в 2020 году пройдут модульное обучение на базе HR-академии АО «НК «ҚТЖ» в столице, призванной сформировать эффективную HR-команду за счет внутренних ресурсов компании.

Любовь РОВБА

HR-академия запущена в конце минувшего года с целью обновления достаточно устаревшей HR-экспертизы по группе компаний АО «НК «ҚТЖ», а также смещения фокуса с кадрового администрирования на более ценные для бизнеса процессы: найм, оценка, обучение, мотивация.

Набор ведется из числа сотрудников HR-служб, включая нормирование и оплату труда. В настоящее время в компании трудится около 1200 работников блока HR, до конца текущего года в академии планируется обучить 120 из них.

– Мы хотим сократить существующий сегодня разрыв между центральным аппаратом и регионами, повысить компетенцию кадров на местах, – отметил исполняющий обязанности главного менеджера филиала АО «НК «ҚТЖ» – «Центр оценки и развития персонала» Ербол Токтагазы. – В

тренерский состав наряду с внутренними тренерами включены главные менеджеры, руководители и бизнес-партнеры компании. Подчеркну, что ҚТЖ не несет никаких расходов на функционирование академии.

Программа охватывает весь процесс HR и предусматривает теоритическое и практическое обучение в группах по 20-30 человек по четырем модулям длительностью 1-3 дня каждый. Во время отборочных интервью по компетенциям внутренние тренеры обращают особое внимание на такие личностно-деловые качества, как лидерский потенциал, коммуникабельность, обучаемость и инициативность.

